

## ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ӨЛТІРУГЕ ДЕЙІН ЖЕТКІЗУ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аманбек Рауан Бахытжанқызы**

(E-mail: [rbakytzhanovna@mail.ru](mailto:rbakytzhanovna@mail.ru))

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
заң факультетінің 2 – курс студенті, Нұр–Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – К. Ж. Балтабаев

Бүгінгі таңда суицид мәселелері өзекті, өйткені бұл адамзаттың мәңгілік проблемаларының бірі. Суицид мәселесін зерттеудің өзектілігі қоғамдағы осы жағымсыз құбылыстардың таралу ерекшеліктері мен ауқымына, жалпы әлеуметтік процестерге, себептер мен жағдайларға тәуелділігіне байланысты. Айта кету керек, бұл сананың өсуі көптеген елдерде болып жатқан суицидтер мен өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері бейбітшілік экономиканың, қоғамдық тәртіптің жағдайына, ел ішіндегі адамгершілік және рухани іргетастарға теріс әсер етеді. Суицид - қазіргі қоғамның өткір мәселелерінің бірі болып табылады.

Жер шарында, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегінше 40 секунд сайын бір адам өз-өзіне қол жұмсайды. Өкініштісі, әлем бойынша Қазақстан суицид статистикасында үшінші, ал Орта Азияда алғашқы орында тұр. Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметінше, былтыр еліміздің 3 805 азаматы суицид құрбаны болды. Олардың басым бөлігі – Алматы, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарының тұрғындары. Өз-өзіне қол жұмсағандардың 3 мыңы – ер адам. Қазақстан әлем елдері арасында 5-14 жас аралығындағы балалардың өз-өзіне қол жұмсау көрсеткіші бойынша тоғызыншы, 15-29 жас аралығындағы азаматтардың «өліммен ойнау» көрсеткішінде төртінші орында тұр.

Былыр тамыз конференциясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидке алаңдаушылық білдіріп: «Бұл – бәріміз үшін қасірет». «Балалар неге ондай қадамға барады?» деген сұраққа барлығымыз жауап іздеуіміз керек екендігін айтқан болатын. «Өмірлік нақты нұсқамаларды қалыптастыру – айналып келгенде тәрбие беру процесі сапасының түпкі талабы болуға тиіс» - екендігін өз сөзінде атап өтті. Осының ізін іле-шала баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасын қабылдады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының 2008 жылы «Балалар суициді» тақырыбында жүргізген арнайы зерттеуінде балаларды суицидке итермелейтін негізгі себептер ретінде баланың күрделі әлеуметтік-психологиялық жағдайы, одан кейін – ұлтаралық қатынас, отбасылық тұрмыстың қолайсыздығы мен қолдаудың болмауы сияқты факторлар аталған.

**Өз-өзіне қол салу (суицид)** – түсініспеушілік пен жалғыздықтан туындайтын проблема. Ол белгілі бір моральдық, әлеуметтік, діни және философиялық көзқарастарға байланысты жүзеге асырылады. Әдетте жалғыздық – суицидке итермелейтін бірден-бір себеп екендігін психолог мамандар айтады. Ауыр психикалық аурулардан зардап шекпейтін адамдар арасында суицидтің ең көп таралған себептерінің бірі - жеке өмірдегі проблемалар. Адамды өз – өзіне қол жұмсауға итермелейтін оқиғалардың қатарына жақын адамның қайтыс болуы, отбасы мүшесінің ауыр сырқаты, ажырасу, серіктеспен қарым-қатынастағы проблемалар, жауапсыз немесе бақытсыз махаббат, жалғыздық, ата-аналармен қарым-қатынастағы қиындықтар жатады. Жеке өміріндегі проблемалармен қатар, кәсіби іске

асыруға тырысқанда және әлеуметтік қатынастармен байланысты қиындықтар пациенттердің өз-өзіне қол жұмсауына жиі ұшырайды. Сонымен қатар, өзіне-өзі қол жұмсау: банкроттық, жұмыстан босату, үлкен ақшалай шығындар, кәсіби іске асырудың мүмкін еместігі, әдеттегі өмірлік стереотиптердің өзгеруі, әлеуметтік оқшаулану, әдеттегі әлеуметтік топтан кету немесе жоғары жеке маңыздылығы бар ақпаратты жария ету мәселелері ұштасқанда жасалатын іс-әрекет болып саналады.

Кей жағдайларда адам өзін-өзі өлтіруге тырысады, өйткені, қылмыс жасағаннан кейін қылмыстық жазадан қорқады сол себепті де, өзін-өзі кінәлі деп сезінеді немесе жақсы есімді сақтағысы келеді. Сонымен қатар, бұл іс-әрекет жасөспірімдер үшін жиі кездеседі. Ата-аналары мен құрдастарымен қақтығыс немесе бақытсыз махаббат салдарынан өз-өзіне жасөспірімдер қол жұмсайды. Деструктивті діни ағымдардың ұстанушыларында жеке өзіне-өзі қол жұмсау және жаппай өзіне-өзі қол жұмсау оқиғалары белгілі. Мұндай жағдайларда суицидтің бастамашысы, әдетте, сектаның жетекшілерінің бірі болады. Өзіне – өзі қол жұмсау бірқатар психикалық аурулардан туындауы мүмкін, соның ішінде депрессия, шизофрения, психопатия және әртүрлі шығу тегінің психотикалық жағдайлары, сондай – ақ аз дәрежеде невроздар, обсессивті-компульсивті бұзылулар, жалпыланған мазасыздық және басқа да бұзылулар. Химиялық тәуелділіктер болған кезде суицид ықтималдығы артады, атап кететін болсақ, олардың ішінде: алкогольизм, нашакорлық және есірткіге тәуелділік іс-әрекеттері жатады.

Өз-өзіне қол жұмсау тәуекеліне әсер ететін факторлардың бірі ретінде - **әлеуметтік факторлар** болып саналады. Сонымен қатар, әсер ететін факторлары ретінде - отбасы жағдайы, тәрбие ерекшеліктері. Балалардың травматикалық тәжірибесі, соның ішінде эмоционалды, жыныстық және физикалық зорлық – зомбылық эпизодтары, ата-аналардың ерте қайтыс болуы, ата-аналардың ерте ажырасуы, қамқорлықтың болмауы, педагогикалық немқұрайлылық, маңызды ересектермен эмоционалды байланыстың болмауы болған кезде өзін-өзі өлтіруге бейімділік артады.

**Мінез мен тұлғаның ерекшеліктері** – бұны да суицид жасауға әрекет ететін фактор ретінде қарастырады. Суицидтік үрдістер көбінесе ымырасыздық, максимализм, демонстрация, ұсыныстың артуы, айқын кінә сезімі, өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі, созылмалы қанағаттандырылмаған қажеттіліктердің болуы, тұрақты немесе жағдайлық эмоционалды тұрақсыздық және бұзылуды жеңе алмау. Жанжалдар кезінде, әдеттегі өмірлік стереотиптердің өзгеруімен және ескі құндылықтардың жоғалуымен суицид қаупі артады.

Келесі әрекет етуші фактор ретінде, **медициналық факторлар** болып сипатталады. Созылмалы соматикалық немесе психикалық ауру болған кезде суицид ықтималдығы артады, ал өзін-өзі өлтірудің әрекеттері психикалық патологиядан гөрі соматикалық науқастарда жиі байқалады. Көбінесе жүрек-қан тамырлары және қатерлі ісік аурулары бар науқастар өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерін жасайды. Өз – өзіне қол жұмсау қаупін арттыратын басқа факторлардың қатарына жақында жасалған операциялар, кез-келген генездің созылмалы аурулары, мүгедектікке, бүйрек және өкпе ауруларына себеп болған тірек-қимыл аппаратының аурулары мен жарақаттары, сондай-ақ көңіл-күйді төмендететін дәрі-дәрмектер жатады.

**Тәуелділік** - өзін-өзі қол жұмсауға апаратын әрекеттердің бірі ретінде қарастырылады. Өз-өзіне қол жұмсауға әрекет жасаған адамдардың арасында нашакорлықтан, маскүнемдіктен және уытқұмарлықтан зардап шегетін науқастар өте көп. Психоактивті заттар өзін-өзі сақтау инстинктіне теріс әсер етеді. Осының әсерінен, мінез-құлық импульсивті болып, сыни бағалау қабілеті күрт төмендейді. Науқас бір минуттық эмоционалды импульстің әсерінен өзін-өзі өлтіруі мүмкін. Статистикаға сәйкес, өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттерінің 20-25% - ы есірткі немесе алкогольдік мас күйінде жасалады.

Суицид – бұл өзін-өзі қасақана өмірден айыру. Өз-өзіне қол жұмсау дербес және ерікті түрде жүзеге асырылады. Өз – өзіне қол жұмсаудың ең қауіпті тәсілі – бұл өзін-өзі өлтіру жолдарын тарататын сайттар орналасқан «Ғаламдық интернеттен ақпарат беру деп санаймыз». Айта кететін болсақ, өмірде суицидке апаратын әрекеттердің бірі – ол өлімге әкелетін ойындар болып табылады. «Кішкентай ересектердің» әр түрлі секталар мен суицидтік ойындарға осалдығын «Көк кит» (Синий кит ойыны) суицид статистикасы келтіреді. 2017 жылдың алғашқы екі айында осы ойын әсерінен, Ресейдегі 20 жасөспірім өз-өзіне қол жұмсады. Жастар арасында бұл сәнді хобби әлеуметтік желілерде таратылды және ойын ретінде ұсынылды. Белгісіз ойынды ұйымдастырушылар жасөспірімдерді таңдап, оларды физикалық зақымданумен немесе психологиялық күйзеліспен байланысты 50 тапсырмадан тұратын ойынға қосады. Яғни, жасөспірімдерге, бұл ойында қолдарына жаралар салу және қорқынышты фильмдерді, сондай-ақ суицидтік бейнелерді қарау бойынша тапсырмалар береді. Соңғы тапсырмасында ұсынылған жолмен өзін-өзі өлтіруді бұйырады.

Өзін-өзі өлтіру-бұл мінез-құлықтың нәтижесінде өлу ниетімен өзін-өзі зақымдайтын мінез-құлықтан туындаған өлім. Өз еркімен өмірден кетуге шешім қабылдаған барлық адамдардың себептері әртүрлі:

ауыр онкологиялық аурулар,

ауыр экономикалық ауыртпалық,

психологиялық мәселелер,

қоғамдағы әлеуметтік бейімделудегі қиындықтар және өмірде өз қолданысын таба алмау, жалғыздық.

Өзін-өзі өлтіру суицид деп те аталады, бұл процесті адам өз еркімен және өздігінен жүзеге асырады. Суицид – бұл ерікті шешім. Суицидтің екі түрі бар. Олар демонстративті және шынайы. Демонстративті - бұл жағдайда адамның түпкі мақсаты-өмірден айыру емес, басқалардың назарын аудару. Осылайша ол көмекке жүгінеді. Әдетте мұндай әрекеттер импульсивті түрде жасалады. Адам болуы мүмкін жан күйзелісі жағдайында болған. Сонымен қатар, жанашырлық пен түсіністік таппай, ол өзін-өзі өлтіруі мүмкін. Шынайы - түпкі мақсаты өзінің өмірінен айыруы. Сонымен қатар, ол қоғамдық пікірге, мән-жайларға немесе жақындарының сезімдеріне қызығушылық танытпайды. Демонстрациядан айырмашылығы, шынайы суицид – бұл мұқият жоспарланған, жақсы дайындалған оқиға. Әдетте, өз-өзіне қол жұмсаудың алдында дәрменсіздік, оқшаулану, үмітсіздік, жеке басыздық сезімінің үйлесімі болып табылатын күрделі эмоционалды күй болады. Дәл осы тәжірибе кешені азаматты өз-өзіне қол жұмсауға итермелейді. Сонымен қатар, ол суицидті жағдайдан шығудың жалғыз жолы деп санайды.

Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу - бұл ҚР Қылмыстық Кодекстің 105-бабында қарастырылған қылмыс. Шын мәнінде, бұл адамға белгілі бір әсер етуден тұрады, бұл адамның өмірін тәуелсіз түрде айыруға бағытталған әрекеттерді жасауға немесе өмірге қауіп төндіретін жағдайлар жасауға әкеледі. ҚК-нің 105-бабы жәбірленушіні қорқыту, оған қатыгездікпен қарау немесе оның адамдық қадір-қасиетін үнемі қорлау арқылы адамды өзін-өзі өлтіруге дейін немесе өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізгені үшін қылмыстық жауапкерлік көзделген. **Бұл қылмыстың объектісі** – адам өмірі. Объективтік жағынан бұл баптың диспозициясы екі құрамды қарастырған.

*адамды өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу;*

*адамды өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізу.*

Бірінші құрам материалдық құрам болса, ал екінші құрам келтеленген құрам болады. Және бұл баптың 1- бөлігінде өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің немесе өзін-өзі өлтіруге оқталуға дейін жеткізудің үш тәсілі қарастырылады:

*жәбірленушіні қорқыту;*

*жәбірленушіге қатыгездікпен қарау;*

*жәбірленушінің адамдық қасиетін үнемі кемсіту (ҚК-те қорлау делінген).*

Қорқыту алуан түрлі сипатта (мысалы, жәбірленушінің жеке өмірінің оны масқаралайтын деректерін жариялаумен, таратумен, жәбірленушіні өмірін қиюмен және т.с.с.) болуы мүмкін. *Жәбірленушіге қатыгездікпен қарау* – бұл оған тән азабын тарттыру, мысалы, аштықпен, ұрып-соғумен және т.с.с. әрекеттермен қинау. *Жәбірленушінің адамдық қасиетін жүйелі кемсіту* оны үнемі қорлау, оны мазақтау, ол туралы жалған, масқаралайтын өсектерді тарату түрінде көрінеді.

ҚР Жоғарғы Сотының «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 2007 жылғы 11 мамырдағы N 1 Нормативтік қаулысынормативтік қаулысында бұл қылмыс құрамы жөнінде біршама түсініктер берілген. ҚК-нің 105-бабының диспозициясына сәйкес қорқытудың, адамдық қасиетін ұдайы кемсітудің, қатыгездікпен қараудың, кінәлінің жәбірленушіні қудалау немесе қорлаудың, кінәлінің осы әрекеттері және жәбірленушінің өзін-өзі өлтіруі арасындағы себепті байланыстың бар-жоғы өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізгені үшін жауапкерліктің міндетті шарты болып табылады. Бұл ретте, егер жәбірленуші кінәлі адамға материалдық немесе өзге де тәуелділікте болған болса, әрекет ҚК-нің 105-баб. 2-бөл. 1)-тармағы бойынша саралануға жатады.

Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің субъективтік жағы жоғарыда аталған әрекеттерді істегенде қасақаналықпен, ал қылмыстық нәтижеге қатысты абайсыздықпен сипатталады. Ал аталған әрекеттерді қылмыскер жәбірленушіні өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу жолымен оған қаза келтіруді көздеп істеп, ол осы зардаптың болуын қаласа, онда оның қылығы қасақана адам өлтіру деп саналып, ҚК-нің 99-бабының тиісті бөлігімен саралануы тиіс. Субъектісі: бұл қылмыс үшін 16 жасқа толған адам жауапкерлікке тартылады.

Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу эвтаназиямен байланысты. 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 154-бабына сәйкес Қазақстанда эвтаназияны жүзеге асыруға тыйым салынды. Мұның өзінде енжар эвтаназия деп аталатын «медициналық көмектен ерікті бас тартуға» рұқсат етілген. Эвтаназияға қатысты Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы да өзінің пәтуасын берген. Пәтуа ислам канондарына сүйеніп шығарылған. Онда Алла Тағала адам баласына дене мүшесін аманат еткен. Сондықтан ағзаларына өз қалауымен зиян келтіруіне болмайды. Себебі өз ағзасына істеген қиянаты үшін қияметте есеп береді. Егер науқас дәрігерден жанына қол жұмсауын талап етсе, онда өзін өлтіргенмен тең. Ол – үлкен күнә. Сонымен қатар дәрігер науқастың жағдайын ойлап, мұндай ауыртпашылықты көргеннен өлгені артық деп, өмірін қиса жазықсыз біреуді өлтірген болады. Сондықтан дәрігер өзін өлтіруге рұқсат беріп жатқан науқастың талабын орындамауы керек. **Бұл жағдайларда адам жалпы негіздерде қылмыстық жауаптылыққа тартылады, бірақ ол ҚР ҚК 53-бабы 7) - тармағының 1-бөлігіне сәйкес жеңілдететін мән-жай ретінде ескеріледі.**

ҚК-нің 105-баб. 2-бөлігінде осы баптың 1-бөлігінде көзделген іс-әрекет үшін жауапкерлікті ауырататын мән-жайлар ретінде мыналар аталған:

кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі не кінәлі адамға материалдық немесе өзгедей тәуелді адамға қатысты істеу;

екі немесе одан көп адамға қатысты істеу;

адамдар тобы алдын ала сөз байласу арқылы немесе қылмыстық топтың істеуі;

телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы істеу.

Бұл бөліктегі белгілердің көпшілігі жоғарыда жеткілікті дәрежеде талданды. Тек телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернетті пайдалану арқылы жәбірленушіні өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу немесе өзін-өзі өлтіруге оқталуға дейін жеткізу белгісі жаңа белгі болып табылады. Бұл бүгінгі күні түрлі жолмен жүргізіліп жатыр. Мысалы, жеңіл де қызықты ойын ретінде басталып, адамды, әсіресе, жасөспірімдерді түрлі жолмен психологиялық тәуелді ету, орындалу міндеттелетін шарттарды ұсыну арқылы біртіндеп

жәбірленушіні өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу немесе өзін-өзі өлтіруге оқталуға дейін жеткізу фактілері көптеп орын алуда. Жаңадан енгізілген осы сараландырушы белгі осыбір қауіпті үрдістің жолын кесуге бағытталған.

ҚК-нің 105-баб. 3-бөлігінде осы баптың 1 немесе 2-бөліктерінде көзделген, кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған іс-әрекеттер жауапкерлікті аса ауырлататын сараландырушы белгі болады.

Өзін-өзі өлтіру жәбірленушінің өміріне қол сұғатын ауыр қылмыс болып саналады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 105-бабына сәйкес, кінәлінің жауапкершілігі жәбірленуші өз-өзіне қол жұмсамақ болған кезде де туындайды, бірақ заң шығарушы осындай әрекеттерді жасауға итермелегені үшін санкциялар бар басқа баптарды да қарастырады. Егер кінәлінің іс-әрекетінің нәтижесінде кісі өлтіру немесе оған оқталу орын алған жағдайларда ол аяқталған болып танылады. Кез келген адам осындай қылмыстан жәбірленуші болып танылуы мүмкін.

Өзін-өзі өлтіруге жеткізгені үшін қылмыстық жауапкершіліктің проблемалық мәселелеріне тоқталатын болсақ, бұл қылмыстар жасырын деп саналады, себебі, өз еркімен кету емес, өзін-өзі өлтіру фактісін дәлелдеу бұл қылмысты ашуда үлкен проблемалардың бірі болып табылады. 1995 жылы 30 тамыздағы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 2 бөлігі «Адам және азамат» болып табылады. Осы бөлімнің 12-баптың 1 бөлігінде «Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі» - делінген. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Адамның өмір сүру құқығы мемлекеттегі азаматтың құқықтық мәртебесін айқындаушылардың бірі болып табылады (ҚР Конституциясының 15-бабы). Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1948) сонымен бірге адамның құндылығы «әр адамның өмір сүру құқығы» деп жариялайды.

Қылмыс құрамы анықталған жағдайда ғана Қазақстан Республикасы ҚК-нің 105-бабын пайдалануға болады. Бұл не деген сөз? Әдетте, бұл Қылмыстық кодексте көрсетілген субъективті және объективті белгілердің жиынтығы. Ол қоғам үшін қауіпті әрекетті жасалған қылмыс фактісі ретінде анықтайды. *ҚР ҚК 105-бабының ескіру мерзімі бар ма?* Өздеріңіз білетіндей, көптеген құжаттар, соның ішінде сот шешімдері ескіру мерзіміне ие. Яғни, олар шағымдана алатын уақыт. Бірақ бұл ереже суицидке дейін жеткізіле ме? Бұл жағдайда ескіру мерзімі қылмыс күні мен сот үкімі күшіне енген сәт арасындағы уақытты білдіреді.

*Жастар арасындағы суицидті қалай азайтуға болады? - деген сұраққа* психолог мамандар жастар арасында суицидтің алдын алудың бірыңғай ұлттық бағдарламасын құруды ұсынды. Менің ойымша, бағдарлама аясында балалар мен жастарды қорғау мәселелерімен айналысатын ұйымдардың жұмыстарына салыстырмалы талдау жүргізілуі тиіс. Әрі мектеп пен колледждердегі психолог мамандардың біліктілігін арттырып, оларды өзге жұмыстармен жүктемей нақты жасөспірімдердің мәселесімен айналысуға мүмкіндік беру керек. Мемлекеттік деңгейде өзіне-өзі қол жұмсауға байланысты алдын алу шаралары жеткіліксіз, дегенмен психологиялық сенім қызметтері жүргізіледі. Сондықтан жастардың санасында болып жатқан процестерді жан-жақты түсіну, үрдістерді болжау және проблемаларды шешуді іздеу өте маңызды!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі – 105 бабы Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу [https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj\\_kodeks/105.htm](https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks/105.htm)
- 2 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
3. Актуальные проблемы суицидологии. – М., 1981

4. Амбрумова, А.Г. Мотивы самоубийств / А.Г.Амбрумова, Л.И.Постовалова //Социол. исследов., 1987, №6.

5. Амбрумова, А.Г. Методические рекомендации по профилактике суицидальных действий в детском и подростковом возрасте / А.Г.Амбрумова, Л.Я.Жезлова. – М., 1978

ӘОЖ 343

## ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ ҚЫЛМЫСЫ ДӘСТҮРДІ ЖАМЫЛЫП ЖАСАЛАДЫ

**Мейрамбек Ажар**

[azhar.meirambek01@mail.ru](mailto:azhar.meirambek01@mail.ru).

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
заң факультетінің 2 – курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – К. Ж. Балтабаев

Орта Азия елдерінің тарихында кездесетін ортақ құбылыс – «Қыз алып қашу» дәстүрі. Қызды өз қалауымен немесе еркінен тыс әйелдікке алу Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Кавказ аймақтарынан шыққан және әлі күнге дейін кездесетін оқиға. Қыз алып қашу оқиғалары бұрын осы елдердің тарихында «салт-дәстүр», үйлі болудың бір амалы ретінде айтылған. Қырғыз, қазақ тарихында қыз алып қашудың бір себебін күйеу жігіттің «қалың мал» өтей алмауымен ұнатқан қызын өзара келісіммен алып қашқан арқылы байланыстырады. Қыздың келісімінсіз немесе құда түсіп кеткен ұрлық істерін қазақтар Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағының бір тармағы – «Жесір дауы» бойынша қатаң жазалаған. Жазаның әртүрлі түрлері қарастырылды: ірі айыппұл төлеуден бастап, өлім жазасына дейін тағайындалған. Басқа елдер сияқты, Кавказда қыздың ата-анасы некеге қарсы болған жағдайда, қыз өз еркімен жігітпен еріп қашқан. Өткен ғасырда бұл қатынастардың бәрі ауызша, ауылдың не аймақтың ақсақалдар алқасымен реттелген. Яғни, қыз алып қашу өз заманында қоғамның қажеттілігіне орай пайда болған үрдіс.

XX ғасыр бойы қыз алып қашу «дәстүр» деп дәріптелсе, қазіргі таңда бұл өзекті және заңға қайшы әрекеттерге әкеліп соқты. «Қыз алып қашу» дәстүр емес, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 125-бабы. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі бойынша да мұндай әрекет қылмыс ретінде саналады. Адам ұрлау заңмен жазаланып, адам ұрлаушы төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Қыз алып қашу негізінен осы баптың 2-бөлігінің «а» тармағында көрсетілгендей, «алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен» немесе жәбірленушінің келісімінсіз үйлену әрекеті жасалса, мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Мысалы, бұл топта қызды ұрлауға қатысқан жігіттің ағасы, жолдастары, құрбысы болуы мүмкін Яғни, қызды алып қашуға қатысқан барлық адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Айта кететін жайт, ұрланған адамды өз еркімен босатқан адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады. «Неке және отбасы туралы» заңға сәйкес неке ерікті одақ болып табылады. Егер бір тарап келіспесе, онда неке заңсыз болып саналады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының мәліметінше, 2019 жылы елімізде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық статистикасы 2015 жылмен салыстырғанда 90%-ға